

**0105000 Бастауыш білім беру мамандығы бітіруші курс білім алушыларының мемлекеттік қорытынды аттестаттау бойынша есебі.**

«Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС Бастауыш білім беру мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша жалпы 20 студент мекеме басшысының бұйрығымен мемлекеттік қорытынды аттестаттау тапсыруға жіберілді. Жіберілген студенттердің үлгілік жұмыс оқу бағдарламасы бойынша оқылатын пәндері, оқу кестесі, оқу тәжірибелік, педагогикалық, диплом алды оқу өндірістік іс – тәжірибе құжаттары колледж ережесіне сәйкес толтырылып, тексеріліп, пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, кешенді емтихан нысанында өткізілді.

Бастауыш білім беру мамандығы бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттауға төрағалық етуге 13 – 25 маусым аралығына шақырылып, барлық оқу құжаттары мен танысып шыққаннан кейін мемлекеттік стандартқа сәйкес Бастауыш білім беру мамандығы бойынша мемлекеттік емтихан кешенді түрде «Арнайы пәндер әдістемелерінен кешенді емтихан», «Педагогика, психология және әдістемелер бойынша кешенді емтихан» оффлайн түрінде өтті. Емтихан тапсыруға жалпы бұйрықта көрсетілген 20 студенттен 20 студент қатысты.

Бастауыш білім беру мамандығы 0105033 Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі біліктілігі бойынша 20 студент:

Арнайы пәндер бойынша кешенді емтихан (практикалық грамматика, лексикология, үйден оқу, шетел тілі практикумы) бойынша кешенді емтиханды 20 студент сәтті тапсырып, орташа 3,9 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 100% пайызды құрайды.

Педагогика, психология және әдістемелер бойынша кешенді емтихан: (педагогика, психология, жаңа педагогикалық технологиялар, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, шетел тілін оқыту әдістемесі) бойынша кешенді емтиханды 20 студент сәтті тапсырып, орташа 3,9 деген нәтиже көрсетті. Үлгерім көрсеткіші 100% пайызды құрайды.

Қорыта айтқанда, «Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі» ЖШС жеке мекемесі «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша бітіруші курс студенттерінің біліктілік беру мақсатында ұйымдастырылған мемлекеттік қорытынды аттестаттау емтихандардың нәтижесі бойынша күндізгі оқу нысанында 20 студентке 0105000 Бастауыш білім беру мамандығы 0105033 Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі біліктілігі берілді.

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі әкімшілігі тарапынан студенттерге болашақ мамандықтары бойынша сапалы да саналы білім беріліп, оларға болашаққа үлкен жол ашу мақсатында жоғары оқу орындарына түсуге, жеке кәсіпшілікпен де шұғылданса жеміс жейтін, кез келген оқу өндірістік мекемеде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін білім ошағымен қамтамасыз етті.

*Мемлекеттік емтихан төрағасы*

**Ф.А.Оспанова**